

Қазақстан Республикасы орталық мемлекеттік органдарының мемлекеттік қызметшілерін шетелде оқыту мәселелері бойынша маңызды стратегиялық мәні бар мемлекеттік сатып алу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 24 мамырдағы N 497 Қаулысы

"Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңының 21-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің "Еуразия мемлекеттік қызметшілерді оқыту орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны 2005 жылға арналған сатып алудың маңызды стратегиялық мәні бар орталық мемлекеттік органдардың мемлекеттік қызметшілерін шетелде оқытуды ұйымдастыру жөніндегі қызметтерді көрсетуші болып белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігіне (келісім бойынша) заңнамада белгіленген тәртіппен:

осы қаулының 1-тармағында көрсетілген кәсіпорынмен мемлекеттік сатып алу туралы шарттарды жасасу;

жасалатын шарттарды қаржыландыруды 2005 жылға арналған республикалық бюджетте 006 "Мемлекеттік қызметшілердің шетелдерде біліктілігін арттыру" бағдарламасы бойынша көзделген қаражат шегінде жүргізу;

осы қаулыға сәйкес қызметтерді мемлекеттік сатып алу үшін пайдаланылатын ақшаның оңтайлы және тиімді жұмсалу қағидатын сақтау; осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдау ұсынылсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі